

«Ailin» balalar bobekjai baqashasy

Бекітемін

Менгерушісі М. А. Давидбекова



«Аяулы анашым»

Ересек топ «Қарлығаш»

Тәрбиеші Ермахан М

2023жыл

Аяулы Анашым!

Ересек топтарға арналған мерекелік сценарий!

Әуенмен ортаға жүргізуші шығады.

Жүргізуші: Армысыздар қымбатты аналар, әжелер, құрметті қонақтар! Бүгін біз «8 - Наурыз» аналар мерекесін тойлауға жиналып отырмыз.

Той пердесін ашайық

Тойға шашу шашайық

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын ашайық!

Біздің бүлдіршіндер бүгін сіздерге «Көктемгі мерекесін» дайындады. Қанеки, қошеметпен ортаға «Қарлығаш» тобын қарсы алайық

Музыка ырғағымен балалар залға билеп кіреді де, жарты шеңбер болып тұрады.

Жүргізуші:

-Балалар қалай ойлайсыңдар бүгін қандай мереке?

-8-ші наурыз мерекесі

Балалар ең асыл жан кім?

-Ана

-Қызығыңда, бұзығыңда көтеретін кім?

-Ана

-Үнемі жаныңда періштедей қорғаштап, демеу беретін кім?

-Ана

-Сонымен бүгін қандай мейрам?

-Аналар

-Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме?

-Иә

Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді. Аяулы аналар, сіздерге деген балаларыңыздың жылы лебіздерін қабыл алыңыздар. Балалардың орындауында «Құттықтаймын мама» әні.

Ән: «Құттықтаймын мама!»

Әннің соңында балалар орындарына отырады.

Жүргізуші:

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағы.-дей отыра сіздерге арналған тақпақтарды қабыл алыңыздар!

Балалардың ана туралы тақпақтары

Адина:

Ана десем алғыс алам халқымнан

Ана десем теңіз болам шалқыған

Ана десем, ашылады қабағым

Ана десем әділдікті ұғамын

Біз ғана емес

Қадір тұтқан бабалар

Жұлдыз:

Дүниеде ең кемеңгер дананы,
Ана табады, аялайды бағады.
Сол үшінде құдіретіне бас иіп,
Құрметтейік қасиетті – ананы

Нұртас:

Жарқын жүзді жан анам
сендей болсын бар адам
сендей болса бар адам
шаттық кетпес баладан

Жүргізуші:

Біздің жас әнші қыздарымыздың орындауында «Қошақан» әнін қабыл алыңыздар

Жүргізуші:

Ақ қар еріп
Су көбейіп!
Сай салаға толады.
Ағаш басы бүршік атып,
Гүл бәйшешек басады.
Балалары айтындаршы бұл қай кезде болады?
-Көктем мезгілінде

Музыка ырғағымен ортаға Ару Көктем кіреді.

Ару Көктем: Сәлем, сәлем, балақайлар,

Әзиз әже, назды аналар.

Қуанындар алақайлап,

Құстар әнін ала келдім.

Жерге кілем жаба келдім.

Жан бітіріп табиғатқа,

Гүлдерімді ала келдім.

Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар! Мерекелеріңіз құтты болсын аяулы аналар.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Ару Көктем! Біз сізді көп күттік! Қош келдіңіз! Сіз отырып біздің балалардың дайындаған өлең тілектерін қабыл алыңыз
Балалардың көктем туралы тақпақтары.

Ханшайым:

Көктем келді тамаша,

Далаға бір қарашы,

Бұлбұл құстар сайрайды.

Күн шуағын төгеді,

Менің туған жеріме.

Тең текелмейді ештеңе

Нүртілеу:

Көктем, көктем көктемде,

Күн күркіреп өткенде

Нұр жаңбырды тосамыз.
Көктемді әнге қосамыз

Саян:

Көктем күні керемет
Жаңбыр жауар себелеп.
Күн ашылса болғаны,
Көлбеңдейді көбелек.
Бар табиғат нәр алып,
Шыға келер жанарып
Қызғалдақ боп құлпырып,
Көктем біздің балалық

Жүргізуші: Мерекеге арналады бүгін билер,
Көтерілсін канекей, көңіл күйлер
Алдарыңызға қазір біздің қыздар биі
Қол соғып демеу берер көрермендер

Би: Гүлдер биі!

Ару Көктем: Балалардың такпактары да, билері де тамаша екен. Енді мен балалармен бір қызықты ойын ойнағым келіп тұр. Мен мына гүл шоқтарын балалар сендерге алып келдім. Балалар осы гүл шоқтармен ойнаймыз ба?

Ойын: Көңілді гүл шоғы!

Ойынның шарты: Ойынның шарты бойынша барлық бала шеңбер болып дөңгеленіп тұрады. Ару Көктем музыка ырғағымен гүл шоғын шеңбер бойымен балаларға береді, музыка тоқтап қалғанда кімде гүл шоғы қалып қояды сол баланың анасы ортаға баласымен билеуге шығады. Ойын бірнеше рет жалғасады.

Жүргізуші: Ару Көктем, бізге сіздің ойыныңыз ұнады. Рахмет сізге. Ал, енді балалар, Ару Көктемге арнап тамаша Көктем әнін орындап берейік.

Ән: «Көктем!»

Ару Көктем: Ой, әндерің қандай керемет, әнді қалай күшті айтасындар. Көңілім бір жайланып қалды ғой. Рахмет балалар.

Жүргізуші: Жаксы балалар! Ал біз мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Балалар, тыңдандар – бұл кім туралы такпак?
Таусылмайды өлені,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жакка,
Кәмпит алып келеді.

Балалар: Әже!

Жүргізуші: Келесі кезкте әжелерімізбен бір ойын ойнайық, әжелерімізді ортаға шақырайық.

Ойын: «Немеремді еркелетем»!

Ойын шарты: Жерге аяз іздері қойылады, әжелер немерелерін еркелететін қазақша сөз айта отырып алға қадам басады. Бірінін айтқан сөзін қайталауға болмайды.

Жүргізуші: Тамаша, әжелеріміз көп рахме

Жүргізуші:

Аналарды сүйеміз!

Сөзін ойға түйеміз.

Әрқашан біз ардақтап,

Әжеге бас иеміз!

Сенен өскен балалар-

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті әже, аналар- дей отырып балаларымыздың сіздерге дайындаған сыйлықтарын сіздерге табыстауға рұқсат етіңіздер.

Балалар аналарына сыйлықтарын сыйлайды.

Ару Көктем: Рахмет, балалар, бүгінгі мерекемен мен аналарды, әжелерді және де сұлу қыздарымызды тағы да құттықтаймын. Балалар мен де сендерді қуанып, сендерге сыйлық жасағым келіп тұр. Сендерге бір сиқырлы қорапша әкелдім ол жай қорапша емес сиқырлы қорапша. Оның ішіне бір заттарды салып, сиқырлы сөздерді айтсақ, онда бір ғажайып нәрсе болады. Кәне бәріміз көрейік.

Ару Көктем қораптың ішіне бірнеше бантиктерді салады. Сосын Ару Көктем балаларды аяқтарымен топылдатып, қолдарымен шапалақ ұрғызып, көздерін жұмып сосын қайтадан ашып қорапқа үрлетеді. Бантиктер кәмпиттерге айналады. Ару Көктем балаларға кәмпиттерді үлестіріп береді.

Ару Көктем: Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендермен қоштаспаймын. Өлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға серуенге шыққанда көретін боласындар. Көріскенше сау болындар балалар. Музыка ойналып, Көктем залдан шығып кетеді.

Жүргізуші:

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.







Бекітемін
«Айлин» бөбекжай-балалар бақпасы
менгерушісі *Давидбекова М.*
24.12.2022 ж.



«Жаңа жыл» мерекесіне арналған ертеңгілік

«Қарлығаш» ересек тобы

**Сабақтың тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа
жыл!»**

Тәрбиеші: Ермахан М.
Ермаханова. 7

2022-2023ж

Жүргізуші: Саламатсыздарма құрметті қонақтар, ата – аналар, бүгінгі жаңа жылдық мерекемізге қош келдіңіздер. Жаңа жылдық мерекемізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Музыка әуенімен қасқыр мен қоян кіреді. Қолдарында шырша ойыншықтары бар.

Қоян: Сәлеметсіңдер ме балалар, сәлеметсіздер ме қонақтар! Ой, неткен әсем шырша! Балаларда шетінен әдемі. Біз қасқыр екеуміз осы балабақшада жаңа жыл мерекесі өтетінін біліп, шыршаны безендіруге келдік.

Аю: Сәлем достар аман ба

Менде келдім ортаңа

Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны

Той – маскарад басталды,

Аяз оны басқарды.

Армысыңдар! Бармысыңдар, ағайын! Қане құшақ ашайық, достық тойын жасайық.

(Қоян мен аю шыршаны безендіре бастайды.)

Жүргізуші: Шыршаны безендіруге алып келген ойыншықтарың қандай әдемі! Қош келдіңдер.

Ендеше біздің балаларымыздың дайындаған Мерекелік тақпақтарға кезек береміз,

1 бала Жүзімізде күлкі ойнап,

Қанаттанды жанымыз.

Жаңа жылды біз тойлап,

Шаттанамыз, бәріміз!

2 бала : Тамаша сый алып,

Келді Аяз атамыз

Шаттанып, қуанып

Шырқап ән айтамыз

3 бала: Дала нұр, қала нұр

Құтты болсын, жаңа жыл!

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Аю: Бәрекелді балалар.

Жүргізуші: Балалар тыңдаңдаршы, бір дыбыс естіледі. Мүмкін келе жатқан Аяз ата шығар? Ол кім болды екен корейікші.

Музыка әуенімен залға Эльза кіреді.

Балаларды куттықтайды.

Жүргізуші : Балалар Эльзамен бірге ағылшын әнін орындаймызба?

Балалар: Ия

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, Эльза саған көп рахмет.

Эльза: Балалар сендерге рахмет, енді мен кетейін. Баскада балаларды жаңа жыл мерекесімен куттықтауым керек, сау болыңдар.

Осы кезде Ақшақар келеді.

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме балалар! Аяз - атаны көрдіңдер ме? Орманда сіздерге келе жатып жолда Мыстан кемпірді кордік, ол Аяз атаны сиқырлап тастады.

Жүргізуші: Балалар, біз Аяз - атаны құтқаруымыз керек. Егер Аяз - ата болмаса Жаңа жыл мерекесі өтпейді ғой, енді не істейміз?

Қоян: Енде не істейміз? Қалай құтқарамыз.**Аю:** Онсыз мереке қызықты өтпейді ғой. Сендерге сыйлықты енді кімбереді?

Музыка әуенімен залға мыстан кемпір кіріп келеді.

Мыстан : Ха-ха-ха. Сендер менсіз жаңа жылды тойламақ болдыңдарма? Олай болмайды, Аяз атаны жібермеймін. Егер Аяз атаны кутқарғыларын келсе менің екі шартым бар. Сол шартымды балалар орындап жеңсе Аяз - атаны жіберемін.

Жүргізуші: Мыстан кемпір, балалардың көптен күткен Аяз - атасын жібер. Мерекемізді бұзба.

Жүргізуші: Ол қандай шарт?

Мыстан: Менімен ойын ойнайсыңдар. Сол ойында мені жеңсеңдер тілектерің орындалады

Жүргізуші: Балалар, қане, Аяз - атаны құтқару үшін, мыстанмен бірге ойын ойнап, жеңіске жетейік.

Ойын: «Кім жылдам?»

Мыстан: Жарайсыңдар балалар! Сендер мені ойында жеңіп Аяз - атаны құтқардыңдар. Ендеше мен барып Аяз - атаны сиқырымнан босатайын.

Мыстан кемпір залдан шығып кетеді.

Жүргізуші: Мыстан Аяз атаны алып келгенше балалар Ақшақарға такпақтарымызды айтып берейікші. Нурасыл, Абдулла, Диана.

4 бала: Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле Жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын

5 бала :Тамаша тамаша

Шыршамыз тур жараса

Басында әсем жұлдызы

Коз тоймайды караса

6 бала: О, алақай қыс келді

Бізге қуаныш әкелді

Дала қарға оранды

Бала біткен қуанды

Ақшақар: Жарайсыңдар балалар, өнерлі екенсіңдер. Менімен ойын ойнауға қалай қарайсыңдар?

Ақшақармен ойын ойналады.

Аю: Балалар Коян Аяз ата мен Мыстан келгенше жаңа жылдық бір ән орындайық,, қалай қарайсыңдар?

Балалардың орындауында « Жана жыл» әні

Жүргізуші: Құрметті қонақтар қыздарымыздың дайындаған биін тамашалаңыздар.

Қыздар: « Сағат!» биін билейді.

Музыка әуенімен Мыстан мен Аяз ата келеді.

Мыстан: Мінекей балалар, мен өз уадемде турып Аяз атаны сендерге қайтардым. Менде жана жылды тойлап көңіл көтергім келеді. Сендермен калсам болады ма?

Балалар: Ия арине

Аяз - ата: Амансыңдар ма балалар, аманбысың Ақшақар, амансыздар ма қонақтар. Мені көп күттіндер ме? Рахмет сендерге.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе Аяз - ата!. Біздің мерекеге кош келдіңіз

Аяз - ата: Біздің шыршамыз жарқырамапты ғой . Ақшақар қызым - ау. Менің сиқырлы таяғымды алып берші.

(Таяғын шыршаға тигізіп)

Аяз - ата: 1,2,3 деп санайық, шырша шамын жағайық!- (дегенде шыршаның шамдары жарқырап жанады.)

Жүргізуші: Аяз - ата демалып отырып, біздің балалардың такпақтарын тамашалаңы

7 бала: Жана жылды тойлайық

Ойнап асыр салайық

Атамыздың сиқырлы

Таяғымен ойнайық

8 бала:Аяз ата келіп тур

Иіліп сәлем беріп тур

Аппак күміс сакалы

Кок жібектей шапаны

9 бала: Ак таяғын таянып

Танмен бірге оянып

Аяз ата келіп тур

Ак корпеге оранып

10 бала: Келіңдер, келіңдер,

Тақпақ айтып беріңдер.

Жомарт Аяз атадан,

Сыйлық алып көріңдер!

Аяз - ата: Жарайсыңдар! Өнерлі балалар екенсіңдер

Ақшақар: Аяз - ата менің де өнерім бар. Мен қыздар мен бірге Жаңа жылға арнап би билеп берейін.

Би: «Қарша қыз»

Аяз - ата: Ой! Бәрекелді, жарайсыңдар, балалар! Аталарыңды бір қуантып тастадыңдар.

Мыстан: Аяз ата, мен келген қонақтармен ойын ойнағым келіп тур.

Жүргізуші: Арине Мыстан.

Ата-аналармен ойын

Аю: Аяз ата біздіңде өнеріміз бар, балалармен би билегіміз келіп тур, рұхсат етіңіз

Аяз ата: Арине Аю

Ұлдар биі

Жүргізуші: Балалардың орындауында мерекелік тақпақ.

11 бала : Келді аяз атамыз

Қызыққа абден батамыз

Оянды әне Акшақар

Карсы аламыз баршамыз

12 бала: Аю балды калайды

Екі езуін жалайды

Ку тулкіге тамсанып

Ак тауыққа карайды

13 бала: Елемейді ешкімде

Суык пенен боранды

Куні бойы тынбайды

Суығына тоңбайды

Қоян: Жарайсыңдар балалар. Өнерлі екенсіңдер. Барлығымыз бірге шыршаны айналып, ән салайық.

Ән: «Шырша жыры»

Ақшақар: Мерекелік кешіміз көңілді отіп жатыр. Канекей балалар барлығымыз бірге билейікші.

Флешмоб би

Аяз - ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімді де, өнерлі екенсіңдер.

Киген киімдерің қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!

Қолдарын бұлғап шығып кетеді.

Балалар: Сау болыңыздар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! 2023-ші жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш алып келсін!!!







Қазақстан Білім және Ғылым Министрлігі

Бекітемін:
“Айлин” балалар
бөбекжай бақшасы
М.А. Давидбекова

13.10.2022 ж.

“Қарлығаш” ересек тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы: “Алтын күз”

Тәрбиеші: Ермахан М.
Жолдасбаева. А.

2022-2023 оқу жылы



Алтын күз! ертеңгілік.

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыруды жалғастыру.
Күз мезгіліндегі өнім көкөністерден көрініс сахналандыру.

Балалардың ойын, ән, билер арқылы күзгі мерекелік көңіл-күйлерін көтеру.

Табиғатты сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Дауыс: Міне, өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен толқып, билеп күз де жетті. Күздің келуін бәріміз де асыға күттік. Ал, күз бізге мол өнімдерін сыйға тартуда.
(Әуен ойналады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарының қасына барып тұрады.)

Би: Жапырақтар

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар! Біздің шағын орталықта **«Келді міне Алтын күз»** мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келіпсіздер!

Бүгін мейрам, бүгін той

Қуаныш күн, біліп қой

Күзгі бақта сыңғырлап

Алақанды ұрып қой.

Қонақтардың көңіл-күйін көтеру үшін қолдарымызды бұлғап амандасайық!

(Балалар қолдарын бұлғайды)

Жарайсыңдар балалар! Қонақтар мен балалардың жүзінен қуаныш пен шаттықтың ізін байқайық!

Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Қуандырып біздерді

Кел жемісті алтын күз

Өлкемізге күз келді

Кемелденсін халқымыз.

Көптен күткен күз келді

Жеміс жидек піседі

Жапырақтар сарғайып

Ағаштардан түседі

Көбейді құт береке

Астық толы қамбамыз

Құтты болсын мереке,

Алтын күзді тойлаймыз.

Ән: Алтын күз

Балалар қазір бізде күз мерекесі, күз мезгілінің неше айы бар екен?

Күз айларын кім атап шығады?

Күз айларын ортаға шақырайық . *(Қыркүйек, қазан, қараша)*

Сыңғырлайды қоңыраулар

Қыркүйек айында

Сағынышпен біз барамыз

Өнер білім тойына

Қазан айы басталды

Құстар қайта бастады

Туыстық, адам достықпен

Жалғаса берсін өмірлерін

Күздің қараша айында

Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр, сыбдыр түседі

Ойын: «Өз ағашынды тап!»

Шарты: Шашылған жапырады теріп алып, өз ағаштарының қасына тез барып тұру.

Бағбаншы: кіреді.

Жүргізуші: Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз?

Бағбаншы: Бақша, бақты күтетін бағбаншымын. Балаларды мейрамымен құттықтауға келдім. Ал сендер неге жалғызсыңдар? Күз ханшайымы қайда?

Жүргізуші: Біз сізбен келеді деп ойладық.

Бағбаншы: Мен күз ханшайымын көрген жоқпын, ол орманда адасып қалған шығар.

Жүргізуші: Келіп қалатын шығар тосайық, оған дейін көкөністер мен жемістерді қазір өздерін таныстырсың.

Ортаға жемістер мен көкөністер, өздері туралы тақпақтар

Өрік

Дөп дөнгелек сап сары

Ішінде бар дәні

Қызығасын көріп

Менің атым өрік.

Алма

Пісіп тұрған алмамын,

Тамсандырар бал дәмім

Жерге сілкіп түсірме

Ісіп кетер маңдайым.

Сәбіз

Өсіретін бойыңды

Дамытатын ойыңды.

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз жазықсыз.

Пияз

Асханадан шықпаймын,

Атым пияз, бұқпаймын.

Көзден жасты шығарам.

Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Картоп

Картоп біздің атымыз

Жер астында жатырмыз

Бір тамырдан тараған,

Ағайынбыз бәріміз.

Алмұрт

Тіл үйірген алмұртпын

Таңсығымын бар жұрттың

Жақсы өсіре алмайды,

Қараса егер салғырт кім.

Қызанақ

Тал шыбығым бұралып,

Бақшаларда қызарып

Тұрған ол мен қызанақ

Күнге қарап ұялып.

Шие

Мен моншақты шиемін

Құмарсындар білемін

Кетіп қалып жүрмесін

Тамағыңа сүйегім

Бағбаншы: Балалар мен бір ойын білемін , бірге ойнайық.

Ойынның аты: «Көкөністер»

(Әуен: Жел мен жаңбырдың дауысы.)

Күз бен жел кіреді:

Күз. Маған көмектесіңдер, көмектесіңдер.

Әуен: Сиқырлы

Жел: Ахалай, махалай суф !Күзді ұйықтатып тастайын.Қара бұлтымен күзді жауып тастайды.

Бағбаншы: Желдін артынан қуады.

Жүргізуші: Жел сен неге күзді сиқырлап тастадын

Бағбаншы: Күз бізге керек, оны балалар тосып отыр.

Жел: мен мықтымын, мен шапшаңмын мен күзді сыйқырлап тастадым.

Жүргізуші: Біздің балаларда шапшаң! Ондай болса ойын ойнап, шапшаңдығымызды көрсетейік.

Ойын: «Тауық пен әтеш»

Екі баладан ортаға шығып, музыка әуені аяқталғанша тауық – қызыл бұршақ, ал әтеш – ақ бұршақ дәнін жинау керек. Қайсысы көп жинаса соның жеңіске жеткені болады.

Бағбаншы: Әне, көрдің бе, біздің балалар қандай шапшаң?

Жел: жарайды сендер мықтысыңдар, сендер шапшаңсыңдар, сендер жеңдіңдер.

Жүргізуші: күзді бізге қайтар, біздің балалар мерекеге күзді тосып отыр.

Күз оянады.

Береке бақ дарыған

Жомарт көңіл жарқын күз

Сары алтынға малынған

Мен Күз ханшайымымын.

Сендерді көргеніме өте қуаныштымын.

Жүргізуші: Қош келдің, Күз ханшайымы! Төрлет!

Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Күз ханшайымы: Өте жақсы, балалар, рахмет.

Күз ханшайымы: Өте қызықты ертегі екен. Рахмет, балалар.

Ән: Жаңбыр.

О, алақай тамаша!

Шашу шашты жапырақ

Бақтың іші күлімдеп

Аунар ма еді, жатып ап!

Күн шуаққа маужырап,

Жатыр еді атырап,

Ағаштардан жамырап,

Ұшты кенет жапырақ.

Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан, алуан жапырақ,

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап

Ағаштарда жапырақ,

Ұшып ұшып азайды.

Тырау тырау тырналар,

Туған жерден ұзайды.

Ән: «Күз келгенде».

Жүргізуші:

Балалар, күз ханшайымының сиқырлы орамалы бар, солмен ойын ойнағысы келеді, ойнағыларың келеме?

Ойын: «Сиқырлы орамал»

Қане, шеңбер құрайық,

Билеп-билеп алайық.

Шыр етіп айналып,

Теріс қарап отырайық.

Балалар теріс қарап тұрғанда күз ханшайымы ортаға орамал жабылған себетті қояды. Ал балалар енді бұрылып қарайық.

Күз: Орамалды ашайық,

Астында не, қарайық?

Бұл не?

Себет қой!

Себеттің бетін жапырақтар жауып тұрады.

Екінші рет ойналғанда, себеттің ішінде алмалар болады. Бұл күздің сыйы, байлығы деп алмаларды балаларға үлестіреді. Балалар алғыстарын айтады.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер Ендеше мені басқа балалар тосып отыр
,Сау болыңдарбалалар!,Келгенше жыл айналып.
(Күз кетеді)

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Балбөбек» тобының **«Келді міне Алтын күз»** атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын!



